

Қазақстан Республикасының ішкі нарығын газбен қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 1321 Қаулысы
2001 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Газ саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді және 2006 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Орынбор газ өңдеу зауытының базасында шаруашылық қоғамын құрудағы ынтымақтастық туралы келісімді Қазақстан Республикасының ішкі нарығын Қарашығанақ кен орнының газымен, оның ішінде өзара тиімді шарттарда қарсы жеткізілімдер жолымен басымдықты қамтамасыз ету бөлігінде іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің 2006 жылғы 17 шілдедегі Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы Президенттерінің арасындағы Қарашығанақ кен орнының газын қайта өңдеу және сату саласындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастықты дамыту туралы декларацияны және Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы мен "Газпром" ашық акционерлік қоғамы арасында 2006 жылғы 25 желтоқсанда Мәскеу қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Үкіметтерінің арасындағы Орынбор газ өңдеу зауытының базасында шаруашылық қоғамын құрудағы ынтымақтастық туралы келісімді іске асыру мәселелері бойынша кеңестің хаттамасында және оған 2007 жылғы 19 қыркүйектегі толықтыруларда көрсетілген баламалы бағалар бойынша және көлемде Қарашығанақ кен орнының өңделген газына Орта Азия және Ресей газының тең мөлшерін қарсы жеткізу жолымен 2007 жылы Қазақстан Республикасының ішкі нарығын газбен қамтамасыз ету туралы ұсынысымен к е л і с і л с і н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.03. N 1162 Қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2006 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Орынбор газ өңдеу зауытының базасында шаруашылық қоғамын құрудағы ынтымақтастық туралы келісімде көзделген Орынбор газ өңдеу зауытының базасындағы бірлескен кәсіпорын тіркелгенге дейін трансферттік баға белгілеуді мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде аталған Келісімнің шеңберінде жүзеге асырылатын Қарашығанақ кен орнының өңделген газына Орта Азиялық және Ресей газының тең мөлшерін қарсы

жеткізуге қатысты шарт жасалатын мәмілелерді салық салу мақсаттары үшін түзетуге жатпайтын "Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген төлемдер шарттарын пайдаланатын мәмілелер ретінде қарасын.

Осы тармақтан туындайтын газды қарсы жеткізу жөніндегі мәмілелерді жүзеге асыру кезінде уәкілетті ұйымдар салық салу мақсатында бөлек есеп жүргізеді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.03. N 1162 Қаулысымен .

3. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағына сәйкес жеткізілетін газ көлемінің сандық бақылануын, мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы